



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Қазан 2024

Жылдық инфляция 2024 жылдың қазан айында 8,5%-ға дейін жеделдеді (қыркүйекте – 8,3%). Азық-түлік тауарларының жылдық мәндегі баға өсімі 4,9%-ға дейін (қыркүйекте – 5,1%) баяулады, ал азық-түлікке жатпайтын тауарлардың және ақылы көрсетілетін қызметтердің баға өсімі, тиісінше, 7,8%-ға дейін (қыркүйекте – 7,6%) және 14,3% дейін (қыркүйекте – 13,6%) жеделдеді.

Өңірлер бөлінісінде жылдық инфляция 10 өңірде баяулап, 8-нде жеделдеді, 2 өңірде өзгеріссіз қалды. Жылдық инфляция жалпы республикалық деңгейден жоғары 10 өңірде қалыптасты. Инфляцияның ең жоғарғы мәні Астана қаласында (10,2%) және Маңғыстау облысында (9,7%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2023 қазан – 2024 қазан), %-бен

Астана қ.	9,9 ————— 10,2
Маңғыстау	10,3 ————— 9,7
Алматы қ.	11,1 ————— 9,4
Батыс Қазақстан	10,4 ————— 9,4
Абай	9,7 ————— 9,2
Шығыс Қазақстан	10,9 ————— 9,1
Солтүстік Қазақстан	12,1 ————— 9,0
Атырау	10,6 ————— 8,7
Қарағанды	11,4 ————— 8,7
Ақтөбе	10,5 ————— 8,6

Павлодар	10,6 ————— 8,5
Қазақстан Республикасы	10,8 ————— 8,5
Қызылорда	10,3 ————— 8,4
Ақмола	12,7 ————— 8,3
Жетісу	11,7 ————— 8,1
Түркістан	11,2 ————— 7,7
Қостанай	10,7 ————— 7,4
Шымкент қ.	9,7 ————— 7,2
Жамбыл	11,3 ————— 6,9
Ұлытау	11,4 ————— 6,9
Алматы	9,1 ————— 5,8

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарларының қымбаттауы Алматы қаласында (7,4%), Жетісу (7,2%), Маңғыстау (6,7%), Шығыс Қазақстан (6,3%), Абай (5,9%), Атырау (5,8%), Ақмола (5,7%), Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан (5,7%-дан), сондай-ақ Ақтөбе (5,2%) облыстарында ел бойынша қалыптасқан деңгейден (ж/ж 4,9%) жоғары болды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы Түркістан (13,2%), Маңғыстау (11,8%), Батыс Қазақстан (9,2%), Солтүстік Қазақстан (9,1%), Қарағанды (8,6%) облыстарында, Астана қалаласында және Ұлытау облысында (8,5%-дан), Атырау, Шығыс Қазақстан және Абай (8,2%-дан) облыстарында ел бойынша қалыптасқан деңгейден (ж/ж 7,8%) жоғары өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы мына өңірлерде жалпы республикалық деңгейден жоғары болды: Павлодар (18,1%), Батыс Қазақстан (16,8%), Жамбыл облысында және Астана қаласында (16,6%-дан), Қызылорда (16,5%), Ақтөбе (15,8%), Атырау және Абай (15,2%-дан), Шығыс Қазақстан облысында және Алматы қаласында (14,5%-дан), сондай-ақ Ақмола облысында (14,4%) (ж/ж 14,3%).

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызметтер инфляциясы
Қазақстан Республикасы	4,9	7,8	14,3
Ақмола	5,7	7,4	14,4
Ақтөбе	5,2	6,6	15,8
Алматы	4,8	6,2	8,3
Атырау	5,8	8,2	15,2
Батыс Қазақстан	5,7	9,2	16,8
Жамбыл	3,7	6,1	16,6
Қарағанды	4,5	8,6	13,8
Қостанай	3,9	7,2	12,2
Қызылорда	4,5	7,5	16,5
Маңғыстау	6,7	11,8	12,1
Павлодар	4,2	5,8	18,1
Солтүстік Қазақстан	5,7	9,1	13,8
Түркістан	2,7	13,2	11,2
Шығыс Қазақстан	6,3	8,2	14,5
Астана қ.	2,8	8,5	16,6
Алматы қ.	7,4	5,9	14,5
Шымкент қ.	2,8	7,7	13,2
Абай	5,9	8,2	15,2
Жетісу	7,2	5,0	14,1
Ұлытау	3,2	8,5	11,1

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы қазанда елде **айлық инфляция 0,9%** болды, бұл бұрынғы орташа мәнненⁱ (2017-2021 жылдардағы тамызда – 0,7%) жоғары. Айлық инфляцияның ең жоғарғы мәні Алматы қаласында (1,7%) байқалды.

2-кесте. 2024 жылғы қазандағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдар кезеңіндегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы қазандағы орташа мән	2024 жылғы қазан	Өңірлер	5 жылғы қазандағы орташа мән	2024 жылғы қазан
Қазақстан Республикасы	0,7	0,9	Шығыс Қазақстан	0,9	0,7
Алматы қ.	0,6	1,7	Шымкент қ. ⁱⁱ	0,6	0,7
Батыс Қазақстан	0,5	1,3	Жамбыл	0,6	0,6
Солтүстік Қазақстан	0,7	1,1	Қостанай	0,7	0,6
Ұлытау	-	1,1	Қызылорда	0,7	0,6
Ақмола	0,7	0,9	Түркістан	0,7	0,6
Абай	-	0,9	Ақтөбе	0,7	0,5
Қарағанды	0,8	0,8	Жетісу	-	0,5
Маңғыстау	0,6	0,8	Павлодар	0,9	0,4
Алматы	0,8	0,7	Астана қ.	0,7	0,4
Атырау	0,5	0,7			

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есебі

ⁱ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 және 2023 жылдардағы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер

ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән